

Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 мамырдағы № 454 Қаулысы

Ескерту. 1-тармағын қоспағанда, күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 994 қаулысымен.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 12 наурыздағы № 936 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциялау комитеті құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған:

- 1) Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі туралы ереже;
- 2) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 29.12.2012 N 1816 қаулысымен;
- 3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.
Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.12.2012 N 1816 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) өнімді бөлу туралы келісімге және осы қаулыны іске асыруға бағытталған өзге де ілеспе құжаттарға тиісті өзгерістер енгізуді қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігімен бірлесе отырып, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

5. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулы кол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

2 0

м а м ы р д а ғ ы

№

4 5 4

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі туралы ереже

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.12.2012 N 1816 қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі мұнай-газ, мұнай-химия өнеркәсібі, көмірсутек шикізатын тасымалдау, мұнай өнімдерін өндіруді мемлекеттік реттеу, газ және газбен жабдықтау, магистральдық құбыр салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыруды, басқару процесін үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

2. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің мынадай ведомствосы бар – Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциялау комитеті.

3. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өзінің атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес қазынашылық органдарда шоттары болады.

5. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

6. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің, егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай уәкілеттік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің бірінші басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің заңды мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 19.

10. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің толық атауы - «Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі» мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігіне кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсетін тәртіптің салынады.

Егер Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің миссиясы: бәсекеге қабілеттілік пен ұлттық қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатында көмірсутек шикізаты бөлігінде отын-энергетика кешенін дамыту, экономиканың көмірсутек шикізатына және оны қайта өңдеу өнімдеріне өсіп отырған қажеттілігін қамтамасыз ету, оларды тиімді пайдалануға бағытталған ғылыми-технологиялық әлеуетті дамыту.

15. Міндеттері:

өз құзыретінің шегінде мұнай-газ, мұнай-химия өнеркәсібі, көмірсутек шикізатын тасымалдау, мұнай өнімдерін өндіруді мемлекеттік реттеу, газ және газбен жабдықтау, магистральдық құбыр салаларындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

мұнай-газ, мұнай-химия өнеркәсібі, көмірсутек шикізатын тасымалдау мұнай өнімдерін өндіруді мемлекеттік реттеу, газ және газбен жабдықтау, магистральдық құбыр салаларында салааралық үйлестіруді жүзеге асыру; көмірсутек шикізаты бөлігінде отын-энергетика кешенін дамытуды қамтамасыз ету;

мұнай-газ, мұнай-химия өнеркәсібі, көмірсутек шикізатын тасымалдау, мұнай өнімдерін өндіруді мемлекеттік реттеу, газ және газбен жабдықтау, магистральдық құбыр салаларындағы халықаралық ынтымақтастық мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру;

ілеспе газды қоса алғанда, көмірсутек ресурстарын молайтуды және оларды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету; өнімді бөлу туралы келісімдерден туындайтын өкілетті органның құзыреттерін іске асыруды қамтамасыз ету.

16. Функциялары:

1) орталық аппараттың функциялары: мұнай-газ, мұнай-химия өнеркәсібі, көмірсутек шикізатын тасымалдау, мұнай өнімдерін өндіруді мемлекеттік реттеу, газ және газбен жабдықтау, магистральдық құбыр салаларындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің құзыреті шегінде бағдарламалық құжаттарды әзірлеу; кен орнын игеру жобасына сәйкес мұнай өндіруді, сондай-ақ оның айналымын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру; Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу;

тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу; Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді бекіту;

мұнай операцияларын жүргізу мен мұнай тасымалдау, газ және газбен жабдықтау, магистральдық құбыр салаларындағы техникалық регламенттерді әзірлеу;

елді мекендердің шекаралары (сызықтары) шегінен тыс газ және газбен жабдықтау саласындағы нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлеу және бекіту; міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіру, газ және газбен жабдықтау, магистральдық құбыр салаларында тексерулер жүргізудің жоспарларын «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірлеу және бекіту; мұнай операцияларын жүргізу мен мұнай тасымалдау және магистральдық құбыр салаларындағы нормативтік-техникалық құжаттарды бекіту; оны бекітуге арналған мәліметтерді қамтитын өндіріс паспортының нысанын әзірлеу және бекіту; ілеспе газды қайта өңдеуді дамыту бағдарламасын бекіту, қоршаған ортаны қорғау саласындағы және жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органдармен келісім бойынша, газды кәдеге жаратудың және ілеспе газды қайта өңдеуді дамытудың бекітілген бағдарламаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу; табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен бірлесіп, тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін бекіту кезінде ескерілетін инвестициялық бағдарламаларды және (немесе) инвестициялық жобаларды бекіту; көмірсутек шикізатын пайдалану бөлігінде заттай түрдегі ұлттық отын-энергетика теңгерімдерін әзірлеуге қатысу; пайдалы қазбаларды барлау мен игеру жөніндегі орталық комиссия туралы ережені және оның құрамын бекіту; жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сараптау комиссиясы туралы ережені бекіту; пайдалы қазбаларды барлау мен өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беру бойынша тікелей келіссөздер жүргізу жөніндегі жұмыс тобы туралы ережені және оның құрамын бекіту; ілеспе газды өңдеуді дамыту бағдарламасын орындау туралы есептіліктің нысандары мен мерзімдерін бекіту; өнім сапасы банкіні қолдану қағидаларын бекіту;

Кеден одағының аумағынан тысқары жерлерде орналасқан мұнай өңдеу зауытына өңдеу үшін шикі мұнайды беруді не кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кеден аумағынан тыс жерде өңдеудің кедендік рәсімі шеңберінде Кеден одағының аумағынан тысқары жерлерде орналасқан мұнай өңдеу зауытында өңдеуге кейіннен беру үшін үшінші тұлғаға өткізуді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылардың тізбесін, сондай-ақ кеден одағының аумағынан тысқары жерлерде орналасқан мұнай өңдеу зауыттарының тізбесін және олардың шикі мұнайды өңдеу шарттарын бекіту; кадрлардағы жергілікті қамтуды есептеу әдістемесін келісу; қазақстандық мамандарды оқыту бойынша қажеттіліктің ең аз деңгейін есептеу әдістемесін келісу; жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурс талаптарына енгізу үшін оқытылуға тиіс персоналдың жалпы санының пайызымен қазақстандық кадрлардың ең аз санын ұсынудың тәртібін келісу; жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурс талаптарына енгізу үшін кадрлардағы ең аз жергілікті қамтуды ұсынудың тәртібін келісу;

Қазақстан Республикасы Президентінің немесе Үкіметінің тапсырмасы бойынша келісімшарттың орындалу мүмкіндігін, мұнай экспорты үшін олардың аумақтарында құбырлар мен басқа да тасымалдау құралдарын салуды және пайдалануды қамтамасыз ететін басқа мемлекеттердің тиісті органдарымен келіссөздер жүргізу және келісімдер жасасу; техникалық-экономикалық негіздемеде мұнайды өткізудің қабылданған есептік бағалары шегінде келісімшартқа қол қою сәтіндегі келісімшартқа техникалық-экономикалық негіздеменің экономикалық көрсеткіштерін негізге ала отырып, жер қойнауын пайдаланушылар үшін Қазақстан Республикасының ішкі нарығына шикі мұнайды өңдеуге арналған жеткізу көлемдерін айқындау; қажет болған жағдайда, ішкі нарықтың жанар-жағармай материалдарына қажеттіліктерін жабуға қажетті көлемде Қазақстан Республикасының аумағында және оның шегінен тысқары жерлерде өңдеуге арналған мұнай мөлшерін кестелермен (жылдық және ай сайынғы) айқындау;

Қазақстан Республикасының Президентіне және Үкіметіне, көмірсутек шикізатын барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттар бойынша келісімшарттық талаптардың орындалу барысы туралы жыл сайынғы есепті ұсыну;

белгіленген тәртіппен өнімді бөлу туралы келісімдерде уәкілетті органның мүддесін іске асыру, оның ішінде ұлттық компанияның еншілес ұйымының қатысу үлестеріне сенімгерлік басқаруды жүзеге асыру; көмірсутек шикізаты бөлігінде пайдалы қазбаларды барлауды, өндіруді, бірлескен барлау мен өндіруді жүргізуге жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурсты дайындау және ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасында дамытылатын басым жоғары технологиялық өндірістердің тізбесін келісу; көмірсутек шикізаты бөлігінде жер қойнауын пайдаланушылар және (немесе) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруға жер қойнауын

пайдаланушылар уәкілеттік берген тұлғалар беретін жүргізілген, жүргізілетін және есепті кезеңнен кейінгі жылға жоспарланып отырған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы ақпаратты жинау және т а л д а у ;

жер қойнауын пайдаланушылар және (немесе) көмірсутек шикізаты бөлігінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруға жер қойнауын пайдаланушылар уәкілеттік берген тұлғалар беретін, орта мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңдерге жоспарланып отырған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу туралы ақпаратты жинау және талдау;

көмірсутек шикізаты бөлігінде пайдалы қазбаларды барлауды, өндіруді, бірлескен барлау мен өндіруді жүргізуге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын беру; жер қойнауы пайдаланушымен көмірсутек шикізатын барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттың талаптары туралы келіссөздер жүргізу;

көмірсутек шикізатын барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттық құжаттардың жобаларына сараптама жүргізуді ұйымдастыру; көмірсутек шикізаты бөлігінде келісімшарттар жасасу, оларды мемлекеттік тіркеу мен сақтауды жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өкілеттіктерге сәйкес көмірсутек шикізатын барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттарда Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру және олардың сақталуын қамтамасыз ету;

Мемлекеттің басым құқығын жүзеге асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның қарауына иеліктен шығарылатын жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығына байланысты объектілерді сатып алу (сатып алудан бас тарту) туралы ұсыныс әзірлеуге қажетті материалдарды енгізу;

Мемлекеттің басым құқығын жүзеге асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның ұсынымдары негізінде иеліктен шығарылатын жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығына байланысты объектіні сатып алу (сатып алудан бас тарту) туралы шешімдер қабылдау;

көмірсутек шикізатын барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттардың орындалуын және қолданысының тоқтатылуын қамтамасыз ету; құрамында көмірсутек шикізаты бар, конкурсқа шығарылуға тиіс жер қойнауы учаскелері тізбелерінің жобаларын ә з і р л е у ;

көмірсутек шикізатын барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттардың қолданысын қайта жаңғырту туралы шешім қабылдау;

мұнайдың стратегиялық қорларын қалыптастыруды және олардың Қазақстан Республикасының аумағында орналастырылуын есепке алуды қамтамасыз ету;

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда сервитуттарды тіркеуді жүзеге асыру;

ұлттық компания мен құзыретті орган арасындағы тікелей келіссөздердің қорытындылары бойынша жасалған келісімшарттар бойынша немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес жобаларды бірлесіп іске асыру үшін ұлттық компания айқындаған стратегиялық әріптесін келісу;

конкурстың жеңімпазы не келісімшартты тікелей келіссөздер негізінде жасайтын тұлға әзірлеген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың жобасын келісу;

тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуда жергілікті қамту және кадрлардағы жергілікті қамту бойынша міндеттемелерді қоса алғанда, көмірсутек шикізатына арналған келісімшарттар және өнімді бөлу туралы келісімдер бойынша шарттарды жер қойнауын пайдаланушылардың орындауына мониторингті жүзеге асыру;

индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға жинақтау және талдау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдаланушылардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуындағы жергілікті қамту бойынша жалпы ақпаратты беру;

жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келісілген көмірсутек шикізаты бөлігінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушыларға тарату қорын п а й д а л а н у ғ а р ұ қ с а т б е р у ;

заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру кезінде жер қойнауын пайдалану құқығының (оның бір бөлігінің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығына байланысты объектілердің құқықтық мирасқорлық тәртібімен ауыстырылуына рұқсат б е р у ;

жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығына байланысты объектілерді өткізу (сату) жөніндегі сауда-саттыққа қатысуға рұқсат беру;

жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сараптау комиссиясының ұсыныстары негізінде жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығына байланысты объектілерді

иеліктен шығаруға, жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғадағы қатысу үлесін (акциялар пакетін) кепілге беруге рұқсат беру (рұқсат беруден бас тартады), сондай-ақ кең таралған пайдалы қазбаларға қатысты жер қойнауын пайдалану құқығын қоспағанда, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36 және 37-баптарына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беру жөніндегі мәмілені тіркеу; бағалау жұмыстары сатысына көшуге рұқсат беру; мұнай өнімдерін өндірушілерге өндіріс паспортын бекіту немесе қайта бекіту; көктемгі егіс пен жиын-терін жұмыстарын және жылу беру кезеңін ескере отырып, мұнай өнімдерін өндірушілердің технологиялық қондырғыларының жоспарлы-алдын алу жұмыстарының кестелерін жыл сайын бекіту; қуаты аз мұнай өнімдерін өндірушілерді қоспағанда, мұнай өнімдерін өндірушілердің инвестициялық бағдарламаларын бекіту; мұнай өңдеу жоспарларын жыл сайын бекіту; мұнай өнімдерін жеткізу жоспарларын жыл сайын бекіту;

Қазақстан Республикасының ішкі нарығының қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін мұнай өнімдерін өндірушілерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде орналасқан мұнай өңдеу зауыттарына шикі мұнайды және (немесе) газ конденсатын жеткізіп беру кестелерін жер қойнауын пайдаланушыларға арнап бекіту; мұнай өнімдерінің экспортына және (немесе) импортына қатысты кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларын қабылдау туралы ұсыныстар әзірлеу және сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органға ұсыну; бағаларына мемлекеттік реттеу белгіленген мұнай өнімдерін бөлшек сауда арқылы өткізудің шекті бағаларын келісу; статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес мұнай өнімдерін өндіру және өткізу саласында ведомстволық статистикалық байқау жүргізу;

мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органмен келісілген нысандар бойынша мұнай өнімдерін өндіру және өткізу саласында әкімшілік есепке алуды жүзеге асыру; мұнай өнімдерін өндірудің ең аз көлемдерін белгілеу; Қазақстан Республикасын газдандырудың бас схемасын әзірлеу; ішкі нарықта тауарлық және сұйытылған мұнай газын көтерме саудада өткізудің шекті бағаларының деңгейі бойынша ұсыныстарды әзірлеу және оларды айқындау тәртібі; ұлттық оператордың немесе дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы ұлттық операторға тиесілі газ тасымалдау және (немесе) газ тарату ұйымдарының меншігіндегі тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесінің объектілерін иеліктен шығаруды келісу; тауарлық және сұйытылған мұнай газын өндіру, өткізу және тұтыну теңгерімін жүргізуді ұйымдастыру; Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын жеткізудің жоспарын ай сайын бекіту; магистральдық газ құбырларын салу, жаңғырту және (немесе) қайта құру жобаларын келісу; мемлекеттің артықшылық құқығы шеңберінде ұлттық оператор сатып алатын шикі немесе тауарлық газдың бағасын сараптауды және бекітуді жүзеге асыру;

стратегиялық және экономикалық жоспарлау, бюджет саясатын тұжырымдау мен қалыптастыру саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісім бойынша тауарлық газды ішкі нарықта көтерме саудада өткізудің алдағы жарты жылға арналған шекті бағаларының деңгейі бойынша ұсыныстар әзірлеу және оларды Қазақстан Республикасының Үкіметіне жіберу; стратегиялық және экономикалық жоспарлау, бюджет саясатын әзірлеу мен қалыптастыру саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісім бойынша сұйытылған мұнай газын ішкі нарықта көтерме саудада өткізудің алдағы тоқсанға арналған шекті бағаларының деңгейі бойынша ұсыныстар әзірлеу және оларды Қазақстан Республикасының Үкіметіне жіберу; тауарлық, сұйытылған мұнай газын және сұйытылған табиғи газды өндіру, тасымалдау (тасу), сақтау және өткізу мониторингін жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының аумағында тауарлық және сұйытылған мұнай газын өндірудің, өткізудің және тұтынудың алдағы күнтізбелік жылға арналған болжамды теңгерімін жасау; Қазақстан Республикасының ішкі нарығында өткізілуі міндетті сұйытылған мұнай газының көлемін айқындау; магистральдық мұнай құбырлары бойынша мұнай тасымалдау кестесін қалыптастыру тәртібіне сәйкес магистральдық мұнай құбырлары бойынша мұнай тасымалдау кестесін бекіту; магистральдық құбырдың меншік иесі не магистральдық құбырға өзге де заңды негізде иелік ететін тұлға уәкілетті органға тасымалдау көлемдері мен бағыттарын көрсете отырып, мұнай тасымалдау кестесінің нақты орындалуы туралы есепті ұсынбаған жағдайда, жүргізілген мониторинг нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жіберу;

тауарлық газды өндірушілердің, өздері өндірген шикі газды өңдеу процесінде өндірілген тауарлық газдың меншік иелері болып табылатын жер қойнауын пайдаланушылардың, Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерде өндірілген және тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарлық газдың меншік иелерінің, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде Қазақстан Республикасында өндірілетін шикі газдан Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерде өндірілген тауарлық газдың меншік иелерінің, газ тасымалдау және газ тарату ұйымдарының есебін жүргізу және тізбесін интернет-ресурста жариялау;

сұйытылған мұнай газын өндірушілердің, өздеріне меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде тиесілі көмірсутек шикізатын өңдеу процесінде өндірілген сұйытылған мұнай газының меншік иелерінің, Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерде өндірілген және тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген сұйытылған мұнай газының меншік иелерінің, газ желісі ұйымдарының және сұйытылған мұнай газын өнеркәсіптік тұтынушылардың есебін жүргізу және тізбесін интернет-ресурста жариялау;

Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің құзыреті шегінде тұтынушылардың құқықтарын қорғауды жүзеге асыру;

жеке немесе заңды тұлғалардың тұтынушылар құқықтарын қорғау саласындағы өтініштерін қарау; Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің құзыреті шегінде мемлекеттік құпияларды қорғауды жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің құзыреті шегінде жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру бойынша іс-шаралар кешенінің орындалуын қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің құзыреті шегінде азаматтық қорғаныс, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан алдын алу және жою бойынша іс-шараларды жүзеге асыру; жетекшілік ететін салалардағы кадрлық қажеттілікті айқындау;

Қазақстан Республикасы Үкіметі белгіленген тәртіппен тауарларды кедендік аумақта/аумақтан тыс қайта өңдеудің және ішкі тұтыну үшін қайта өңдеудің шарттары туралы құжатты беру; акциялардың (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) мемлекеттік пакетіне иелік ету және оны пайдалану құқығын Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүзеге асыру; гендерлік саясатты іске асыруға қатысу;

шетелдермен ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссияларды (комитеттерді, кеңестерді) және олардың кіші комиссияларын (комитеттерді, жұмыс топтарын) дайындау, ұйымдастыру және өткізу;

Қазақстан Республикасын газдандырудың бас схемасының іске асырылуын бақылауды жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру;

2) ведомствоның функциялары:

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызмет түрлерін лицензиялауды жүзеге асыру; газ желісі ұйымдарын аккредиттеуді жүзеге асыру;

ұңғымалар объектілерін сынау, кен орнын сынамалы пайдалану, технологиялық жабдықты іске қосу-баптау, пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары жағдайында газды технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсат беру; теңіз құрылысын салуға немесе орналастыруға рұқсат беру;

ұңғыманы бұрғылауға рұқсат беру; қойнауқатішілік қысымды ұстап тұру үшін ілеспе және табиғи газды айдауға рұқсат беру; теңізде мұнай-газ құбырларын салуға, монтаждауға немесе тартуға рұқсат беру;

мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы берушілердің тізілімін жүргізу және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу; сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен ақпарат сұратуды жүзеге асыру;

мұнай операцияларын жүргізу және мұнайды тасымалдау саласындағы адамның өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға зиян келтіру тәуекелдерін талдау және бағалау жүргізу;

мұнай операцияларын жүргізу саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру; техникалық регламенттерде белгіленген мұнайға және оның тіршілік циклі процестеріне қойылатын қауіпсіздік талаптарының орындалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

мұнай өнімдерін өндіру саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру; өз құзыреті шегінде магистральдық құбыр саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

көмірсутек шикізаты бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібін жер қойнауын пайдаланушылардың сақтауын бақылауды жүзеге асыру;

тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуда жергілікті қамту және кадрлардағы жергілікті қамту бойынша

міндеттемелерді қоса алғанда, көмірсутек шикізаты бойынша келісімшарттардың және өнімді бөлу туралы келісімдер бойынша шарттарды жер қойнауын пайдаланушылардың орындауын бақылауды жүзеге асыру; Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

17. Құқықтары мен міндеттері:

- 1) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, лауазымды адамдар мен азаматтардан ақпарат сұрату;
- 2) орталық және жергілікті атқарушы органдарға олар қабылдаған актілердің күшін жою немесе оларды өзгерту туралы ұсыныстар енгізу;
- 3) Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігіне жүктелген функцияларды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың мамандарын, сондай-ақ шетелдік және жергілікті сарапшылар мен мамандарды жұмысқа тарту;
- 4) халықаралық шарттар (келісімдер) жасасу бойынша ұсыныстар енгізу, шетелдердің тиісті ведомстволарымен, халықаралық ұйымдармен және шетелдік заңды тұлғалармен келіссөздер жүргізу, шарттар (келісімдер) жасасу;
- 5) тексерілетін субъектілерді тексерулердің санын, сондай-ақ тексеру парақтарына сәйкес анықталған бұзушылықтарды және оларға қолданылған әкімшілік ықпал ету шараларын ведомстволық есепке алуды жүргізу;
- 6) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

3. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің қызметін ұйымдастыру

18. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігін басқаруды Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрі болып табылады.

19. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің бірінші басшысын Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің бірінші басшысының өкілеттігі: өз қызметінде оның бақылауында болатын комитеттің басшысын қызметке тағайындау және қызметтен босату; комитет басшысының орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату; бұйрықтарға қол қою;

Қазақстан Республикасының Парламентінде, өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі атынан өкілдік ету;

Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдау үшін дербес жауапты болу; өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдау.

Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның міндеттерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

22. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

23. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын жауапты хатшы басқарады.

4. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің мүлкі

24. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің мүлкі оған мемлекет берген мүлік есебінен, сондай-ақ құны Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің теңгерімінде көрсетілетін өзге де мүліктен қалыптасады.

25. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігіне бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

26. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігін қайта ұйымдастыру және тарату

27. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

1. «Мұнай және газ ақпараттық талдау орталығы» акционерлік қоғамы.
2. «Өндірістік-пайдалану кәсіпорны» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
3. **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 01.08.2013 № 756 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің тізбесі

1. «Капиталмұнайгаз» мемлекеттік мекемесі.
2. «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағының әкімшілігі» мемлекеттік мекемесі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 0 ж ы л ғ ы 2 0 м а м ы р д а ғ ы
№ 4 5 4 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. «Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 6 5 9 қ а у л ы с ы н д а :

к ө р с е т і л г е н қ а у л ы ғ а қ о с ы м ш а д а :
«Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне» деген бөлім мынадай р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н :

«Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігіне
17. АЛА-003812 «Мұнай және газ өнеркәсібінің бас диспетчерлік басқармасы» АҚ
20-4. «Өндірістік-пайдалану кәсіпорны» ЖШС».

2. «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы № 811 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 ақпандағы № 248 қаулысында:
2 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н .

3. «Мемлекеттік органдар мен «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамының арасында мұнай операцияларындағы өкілеттіктерді ажырату туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 маусымдағы № 7 0 7 қ а у л ы с ы н д а :

3 - т а р м а қ т а :
1), 2) тармақшалар алынып тасталсын;
3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) теңіздегі мұнай операциялары және басқа да мұнай операциялары бойынша келісім-шарттарда келісім-шарттарға үлестік қатысу арқылы мемлекеттік коммерциялық мүдделерді білдіреді;»;

к ө р с е т і л г е н қ а у л ы м е н б е к і т і л г е н «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамының мұнай операцияларындағы өкілеттіктерінің тізбесінде:

2-тармақта «сондай-ақ мемлекеттік органдардың бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыруды қоспағанда, көрсетілген келісім-шарттарда мұнай операцияларын бақылауды, байқау мен реттеуді жүзеге асырады» деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

1 3 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н .
4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.02.10 № 122 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

5. «Республикалық мемлекеттік меншіктің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 11 маусымдағы № 483 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 19, 214-құжат):
1) көрсетілген қаулымен бекітілген Жалпымемлекеттік міндеттерді орындау үшін қажетті мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) тізбесінде:
«Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі» деген бөлімнің атауы мынадай

редакцияда

жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі»
реттік нөмірлері 43, 44-1-жолдар алынып тасталсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Жалпы мемлекеттік міндеттерді орындау үшін қажетті республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесінде:

«Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі» деген бөлім алынып тасталсын;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері (қатысу үлестері) бәсекелестік ортаға берілуі тиіс акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) тізбесінде:

«Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі» деген бөлімнің атауы мынадай

редакцияда

жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі»
реттік нөмірі 38-жол алынып тасталсын.

6. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.03.19 № 340 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

7. «Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттар талаптарының орындалуын сақтау мониторингін және оны бақылауды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 1 қазандағы № 863-1 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 36, 406-құжат):

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігіне жүктелсін.»; көрсетілген қаулысымен бекітілген Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттар талаптарының орындалуын сақтау мониторингін және оны бақылауды жүзеге асыру ережесінде:

5-тармақтың екінші абзацында «Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі» деген сөздер «Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі» деген сөздермен ауыстырылсын.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і н

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

2 0

м а м ы р д а ғ ы

№

4 5 4

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің
қарамағындағы ұйымдардың тізбесі**

Ескерту. Тізбе алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 29.12.2012 N 1816 қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і н

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

2 0

м а м ы р д а ғ ы

№

4 5 4

қ а у л ы с ы н а

қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған
кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. «Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1105 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 38, 515-құжат).

2. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 қаңтардағы № 25 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың 5-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 4, 26-құжат).

3. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 27 ақпандағы № 134 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 7, 58-құжат).

4. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1105 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 4 сәуірдегі № 235 қаулысы.

5. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1105 қаулысына толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 маусымдағы № 512 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2006 ж., № 21, 210 - құжат) .
6. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 сәуірдегі № 276 қаулысының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 22 қыркүйектегі № 900 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ - ы, 2006 ж., № 35, 385 - құжат) .
7. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.02.10 № 117 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**
8. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1105 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 маусымдағы № 638 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2008 ж., № 31, 325-құжат) .
9. «Қазақстандық келісім-шарт агенттігі» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 20 ақпандағы № 201 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін толықтырулар мен өзгерістердің 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2009 ж., № 12, 85 - құжат) .
10. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1105 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 222 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2009 ж., № 12, 87 - құжат) .
11. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1105 қаулысына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 10 сәуірдегі № 498 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2009 ж., № 18, 164 - құжат) .
12. «Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 шілдедегі № 1071 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2009 ж., № 33, 311-құжат)